

МРНТИ 18:31:51

А.К. Байдабеков

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: a.baydabekov@mail.ru)*

Қазақ халқының үй жиһаздарының түрлері мен ерекшеліктері

Аннотация: Мақала, қазақ халқының үй жиһаздарының түрлері мен ерекшеліктері және жиһаздардың неден жасалғанын зерттей отырып, халқымыздың осынша бай және әр түрлі жиһаздардың болуы мен әдемілік пен сәндікке үлкен мән бергенін көрсетеді. Осы зерттеулердің нәтижесінде қазіргі кезде заманауи жиһаздардың түрлерін жасауға және оларды дәріптеуге болады.

Кілт сөздер: үй жиһаздары, ағаш төсек, сандық, адалас, адалбақан, кебеже, жұкаяқ, бесік, шабадан, әбдіре.

1 Үй жиһаздарының түрлері

Ежелгі кезден халқымыз үйге, соның ішінде үй жиһаздарына үлкен көңіл бөлген. Себебі, халқымыз үшін үй алтын ұя, киелі шаңырақ болып саналған. Осы киелі шаңырақта үйлесімді әрі ыңғайлы өмір сүру үшін әр түрлі жиһаздар пайда болған. Көшіп-қону кезінде ыңғайлы болу үшін, ертеректегі жиһаздар жиналмалы болған. Жиһаз, отбасы қажетіне және үйдің ішіне сәйкес, әрі оны тарылтпайтындай болуы қажет. Жиһаздар қолданулары мен жасалуларына байланысты келесідей түрлерге бөлінеді: тұрақты жиналмайтын; тасымалдауға оңай жиналмалы-құрастырмалы; әмбебап-құрастырмалы және құралмалық шешімі бірнеше жиһаз секцияларынан тұратын, бірінің үстіне бірін немесе қатарластырып қоюға болатын секциялық жиһаз түрлеріне бөлінеді. Жиһаз мықты әрі жеңіл болу үшін негізінен ағаштан және ағаш материалдардан (ағаш жоңқалы немесе талшықты тақтайшалардан, үйеңкіден, т.б.) жасайды.

Халқымыздың әдет-ғұрпы мен дәстүріне байланысты жиһаздар келесідей түрлерге бөлінеді. Үйге кіргенде алдымен сырттан келгенде сыртқы киімін шешіп, іліп қою үшін киім ілгіш керек, міне осындай жиһазды Адалбақан дейді. Адалбақан ашалы және ою – өрнектеп ағаштан жасалған жиһаз. Келесі жиһаздың түрі ол Асадал. Ыдыс - аяқ таза әрі жинақы болу үшін жинап

қоятын жиһазды асадал дейді. Үй иелері қымбат әрі бағалы заттарын сақтайтын жиһаз түрін Абдыра немесе Әбдіре деп үлкен сандықты айтады. Ал Сандық дегеніміз зат салатын оюлы, сырты темірмен қапталған жиһаз. Келесі сандық түрін Жағлан деп атайды, бұл сандықтың сыртын былғарымен қаптаған. Сандықтың кішкентай түрін Қобдиша деп атайды. Жиһаздың келесі түрі Жүкаяқ, бұл сандық астында тұратын оюлы төрт аяқты ағаш жиһаз. Кебеже жиһаздың келесі өрнектеліп жасалған жәшік түрі. Ағаштан жасалынған төрт аяқты керует жиһаздың түрі Төсекағаш. Шабадан да жиһаздың ерекше бір түрі қалың матадан немесе киізден оюлап жасалған. Оның ішіне көрпе, жастық, киім және басқада бұйымдар салынады. Шиден жасалған ас тұратын жерді қалқалап қоятын жиһаз түрін Шыпта дейді. Баланы бөлейтін немесе баланың жүргенге дейін жататын орнын Бесік дейді. Бұл жиһаз ағаштан жасалған мамық жастығы бар, мамық, жаялық, тартпа, түбек, шүмек, бесік жапқыш т.б. бөліктері мен бұйымдары бар жиһаз.

2 Қазақ халқының жиһаздарының ерекшеліктері

Халқымыздың жиһаздары әр түрлі болғандықтан, олардың өз ерекшеліктері болған. Бұл ерекшеліктер уақыт емтиханынан өтіп, әбден пісіп жетілген жиһаздар. Үйге кіргендегі алғашқы жиһаз ол Адалбақан. **Адалбақан** деп киім, көбінесе сыртқы киімдер және тағы сол сияқты үй киімдерін ілуге арналған жиһаз. Бұл дегеніміз халқымыз үстіне киген киімі таза, яғни адал болуына назар қойғанын білдіреді. Адалбақанды көбінесе бұтағы көп балапан қайың немесе шыршадан жасалады. Жасалуы жас ағашты кесіп алып, қабығын аршып, оның бұтақтарын түп жағынан бір сүйемдей қалдырып, ұшын кесіп тастайды. Енді, сол бұтақ түбірлерін бақанның жоғарғы ұшының бағытымен майыстырып иеді де, ұштарын қайыспен немесе мықты жіппен бақанның дініне таңып, көлеңкеде әбден кептіреді. Бұтақтар әбден кеуіп қалыптасқан соң, таңғышты шешіп алып, оның ұштарын үшкірлеп жоңып, одан ілгек жасайды. Жиһаз сәнді болу үшін, оюлап оның сыртын бояумен өрнектеп сырлайды, кейде бүршікбасты алтын, күміс шегелермен безендіріп қояды.

Халқымыз киім-кешектің тазалығы мен бағалы алтын және күмістен жасалған заттарға аса мән берген. Сонымен **Әбдіре** атты жиһаз киім-кешек немесе басқа да бағалы бұйымдарды сақтауға

арналған сандық. Сандықтың көлемі ішіндегі заттарға байланысты әр түрлі болады. Әбдірені, яғни сандықты мықты, әрі жеңіл ағаштан тегістеп-жоңып тақтай жасап, содан соң шеге мен сына арқылы қиюластырып жасайды. Құрт құмырсқа кірмеу үшін бір түсті сырмен сандықты сырлап қояды. Сандықтың алдыңғы беті-ағаш ұсталары сәнді болуы үшін түрлі өрнектермен әшекейленген жұқа қаңылтырмен қаптайды. Сонымен бірге, сандықты қозғауға ыңғайлы болу үшін екі бүйіріне қос-қостан төрт тұтқа орнатылып, бағалы заттарды қорғау үшін сандықтың қақпағына құлып салынады.

Келесі жиһаз түрі ағаштан жасалған керует Ағаш төсек. Бұл жиһаздың маңыздылығы сол кісі демалғанда аяғы мен басы сәл биік болуы қажет. Сонымен бірге кісі жерден жоғары, сыздан биік жатып, адамның тынығуы үшін пайданылатын үй жиһаз түрі. Ағаш төсектің үстіне кейде әдемілеп көрпе жинап қойған. Кейде мұндай жиһазды қазақ қайқыбас төсек деген. Бұл жиһаз негізгі үш бөліктен тұрады: төсектің басынан (жоғары және төменгі); қапталынан (алдыңғы және артқы); шабағынан, яғни төрт аяғынан тұрады. Ағаш төсек жиһазын кептірілген қатты ағашты тегістеп, өңделген тақтайлардан жасайды. Төсектің басы, аяқтары мен оған көлбеу бекітілетін жастықша бөлігі қиюластырылып, біртұтас етіп дайындалады. Ағаш ұсталары, төсек сәнді болу үшін, оның бетін әр түрлі бояулармен сырлап, өрнектелген бұйыммен әр түрлі заттармен әшекейлейді.

Тамақ сақтауға арналған сандыққа ұқсас үй жиһазының келесі түрі ол **Кебеже**. Бұл жиһазда ұзақ сақталатын, бұзылмайтын тамақ түрлері сақталған. Көшіп-қоңғанда кебеже барлық тамақ түрлерін тасып жүруге ыңғайлы әрі тамақтарды тез табуға көмектеседі. Кебеже жиһазының түбі, яғни астыңғы жағы қалың тақтайдан жасалады. Сандықтың қақпағы сияқты кебеже жиһазының да қақпағы болады. Жиһаздың аузы кейде жармалы да болып келеді. Кебеже жармалылары көлденең кергіш ағашпен немесе таспамен жалғастырылады. Кебежені басқа жиһаздар сияқты әр түрлі бояулармен сырлап немесе сүйекпен, әр түрлі тастармен ою салып өрнектеп қояды. Келесі жиһаз түрі ол **Жастықағаш**. Бұл жиһаз, адам жер төсекте жатқанда басын биіктету үшін жастықтың астына қою үшін арналған ыңғайлы жасалған тиянақ ағаш. Жастықағаш жиһазының конструкциясы өте қарапайым кәдімгі ағаш төсектің сыңар басы сияқты, екі аяғы

бар, жастықты жерге түсірмей тұратын тақтай кермесі және жастықтың астына қоюға лайықтап жасалған көлбеу тақтай төсеніші болады. Ағаш төсекке қарағанда жастықағаш ықшамды және жеңіл болғандықтан, халқымыз көшпелі тұрмыста көп пайдаланылған.

Жұкаяқ жиһазы жиналған жүктің астына қоюға арналған ағаш тұғыр. Үйдегі жүк пен көрпелер жерде шашылып жатпас үшін оларды жинап қояды. Ал осы жүктер мен көрпелер сыз тартпас үшін оны жерден жоғары қояды. Жұкаяқ жиһазы әбден кепкен, мықты және жеңіл ағаш тақтайларынан жасалады. Бұл жиһаз негізгі үш бөліктен: жанағаштан яғни, алдыңғы және артқы беттер; аяқтан; шабақтан тұрады. Жұкаяқ жасалуына байланысты екі түрлі пішінді болады: үсті тегіс жұкаяқ және қайқыбас жұкаяқ. Қайқыбас жұкаяқ түрі кәдімгі қайқыбас ағаш төсекке ұқсайды. Жиһаздың алдыңғы беті түрлі-түсті бояулармен сырланып, өрнектеледі немесе өрнек салған сүйек пен тастардан қаптап әшекелеп қояды.

Келесі жиһаз түрі ол **Сандық**. Сандықта киім-кешек, мата, құндыз тағы басқа да бағалы заттарды салуға арналған, ағаштан жасалған жиһаз. Сандық тұрмыста кеңінен қолданылатын ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең ежелгі жиһаздың бірі. Қолданылуына байланысты сандықтар көлеміне байланысты әр түрлі пішімде болады. Бағалы заттар сақталуына байланысты сандық қақпасына көбінесе аспа құлып, кейде қымбат сандықтарда ішкі құлыптар орнатылады. Жиһазды жерге қойғанда сандық ішіндегі киім-кешек ылғал тартпау үшін, сандықтың астыңғы төрт бұрышымен үйлестіре тақтайдан бұрыштап төрт аяқ орнатады. Сандықтар тартымды болу үшін, сандықтың алдыңғы бетін әр түрлі бояумен сырлап, өрнектейді және айшықты қаңылтырмен, кейде өрнекті сүйекпен қаптайды. Көтеру кезінде сандық ыңғайлы болу үшін екі бүйіріне тұтқа орнатылады. Халқымыз тазалыққа көп көңіл бөлген, соның шінде тамақ пен ыдыс-аяқ тазалығына және оны сақтауға арналған кебеже тәріздес жиһаз түрі **Асадал**. Бұл жиһазда сақталған тамақ пен ыдыс-аяқ шаң-тозаннан, ит-құстан қорғалады. Асадал да басқа жиһаздар сияқты мықты және жеңіл ағаштан жасалады. Асадал жиһазының түбі оның ішкі жағындағы жиекшелерге тірей орнатылатын қалың тақтай мен үстіңгі беті жұқалау тақтаймен жабылады. Көбінесе жиһаздың алдыңғы бетінде топсамен

бекітілген және бір немесе екі жармалы есігі мен суырмасы болады. Асадал сәнді болу үшін оның бетін әр түрлі бояулармен өрнектеп сырлайды және сонымен бірге сүйекпен өрнектеп әшекелеп қояды. Халқымыз бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөлуіне байланысты балаларға арнайы **Бесік** жиһазын жасаған. Бесік жиһазы баланың туылғанынан бастап бөлеп, баланың жүргенге дейін жататын орны. Бұл жиһаз мықты әрі жеңіл ағаштан жасалады. Көшкенде Бесіктен баланы шешпей ақ атқа немесе түйеге артып жүре береді. Сондықтан бесік жасаған кезде оның мықтылығына үлкен көңіл бөлінеді. Бесік жиһазы матадан жасалған мамық жастығы бар, жаялық, тартпа, бесік жапқыш және сүйектен жасалған шүмектен тұрады.

Жоғарыда айтып кеткендей халқымыз тазалыққа үлкен көңіл бөлумен бөлек әдемілікке де көңіл бөле отырып, ас тұратын жерді қалқалап қоятын жиһаз түрі **Шыпта** жиһазын ойлап тапқан. Бұл жиһаз түрі шиден өріліп жасалады. Жиһаздың биіктігі мен ені оның қолдануына байланысты әр түрлі болады. Шиді тоқыған кезде түрлі-түсті боялған жүндермен тоқып шыпта жиһазын безендіріп қояды. Ертеректе халқымыз көбінесе көшіп-қонуына байланысты көрпе-төсек таза және жинақы болу үшін **Шабадан** жиһазын ойлап тапқан. Бұл жиһаздың ішіне көрпе, жастық, киім және басқада тұрмысқа қажетті бұйымдар салынып сақталады. Шабадан жиһазының ерекшелігі бір түрі қалың матадан немесе киізден оюлап жасалынған. Бұл жиһаздың көлемі қолданылуына байланысты әр түрлі болады.

Сонымен халқымыздың жиһаздарының түрлері мен ерекшелігін зерттей отырып, халқымыздың осынша бай және әр түрлі жиһаздар болуының нәтижесі ол біздің аталарымыз тазалық пен тәртіпке және әдемілік пен сәндікке үлкен мән бергенін көрсетеді. Сонымен қатар, Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша айтылып кеткен жиһаздардың негізінде заманауи жиһаздар түрлерін жасап, дүниежүзіне халқымыздың жиһаздарын дәріптеуге болады.

Әдебиет тізімі

1. Ә.К. Бәйдібеков, Ж. Мәлібеков. Қазақ халқының сәулеттік құрылымы және оның тәрбиелік мәні // Проблемы инженерной графики и профессионального образования, 2017. - № 1 (40). С.7-16.

2. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы / Құраст.: Қ.Ж. Райымбеков, Қ.Т. Байғабылов. – Алматы: Аруна, 2011. – 188-192 бет.

А.К. Байдабеков

*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана,
Казахстан*

Виды и особенности домашней мебели казахского народа

Аннотация: В статье рассматриваются типы и особенности мебели казахского народа и показано, что наши люди уделяют большое внимание наличию такой богатой и разнообразной мебели, красоты и убранства. В результате этих исследований можно создавать и продвигать современные виды мебели.

Ключевые слова: мебель для дома, деревянные кровати, сундук, адалас (мебель для хранения пищи), адалбакан, кебеже, жүкаяк (подставка на ножках для постельных принадлежностей в юрте), колыбели, чемодан, маленький сундук.

A. Baidabekov

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Types and peculiarities of home furniture of the Kazakh people

Abstract: In the article types and features of furniture of the Kazakh people are considered and it is shown that our people pay great attention to the availability of such rich and diverse furniture, beauty and decoration. As a result of these studies, you can create and promote modern types of furniture.

Key words: furniture for home, wooden beds, chests, adalas (furniture for food storage), adalbakan, kobezhe, stand on the legs for bedding in a yurt, cradle, suitcase, small chest.

References

1. Baidabekov A., Malibekov Zh. Kazakh khalkynyn saulettyk kurylymy zhane onyn tarbiylyk many [Architectural structure of the Kazakh people and its educational meaning], Problemy inzhenernoy grafiki i professional'nogo obrazovaniya [Problems of engineering graphic and professional education], 1 (40), 7-16 (2017). [in Kazakh]
2. Raiymbekov K.Zh., Baygabylov K.T. «Sen bilesin ba?» entsiklopediyasy [The Encyclopedia - "Do You Know?"] (Aruna, Almaty, 2011). [in Kazakh]